

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШЕТ АУДАНЫ БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ «БАЛБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙЫ» КМҚК**

ҚАРАЛДЫ

Әдістемелік кеңес

отырысында

Хаттама № «01» 09 2023ж

Әдістемелік бірлестік

жетекшісі Ж.М.Жаканова

КЕЛІСІЛДІ

Бөбекжай әдіскері

М.К.Каргатаева

«01» 09 2023ж



«Балбөбек» Бөбекжайы» КМҚК

Менгерушісі

Қ.Д.Бақтыбаева

2023ж

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

«Шығармашылық» бөлімі бойынша

«Ермексаз әлемі»

Вариативтік компонент

2023-2026ж

Құрастырған: тәрбиеші

Ш.А.Бодаубекова

А.Ж.Каппарова

Ақадыр кенті

2023ж

**КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ
«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» БӨЛІМІ БОЙЫНША
«ЕРМЕКСАЗ ӘЛЕМІ»
ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕТ**

Құрастырған авторы:
Каппарова А.Ж

Ақадыр кенті
2024-2025

МАЗМҰНЫ

Титулдық бет.....	1
Вариативтік компонент	
мазмұны.....	2
Түсінік хат.....	3
Оқу тақырыптық жоспары.....	4
Вариативтік компонент бағдарламасының мектеп алды даярлық побына арналған перспективтік жоспары.....	5
Тұзды қамыр дайындау әдісі.....	6
Вариативтік компонент өзектілігі	7
Мақсат – міндеттері.....	8
Әдіс – тәсіл түрлері, білім салалары арасындағы байланыс және меңгерту формалары.....	9
Күтілетін нәтиже.....	10
Қорытынды.....	11
Қолданылған әдебиеттер	
тізімі.....	12
Қосымшалар.....	13

Түсінік хат

Әр елдің болашағы сол халықтың білім, ғылым деңгейімен анықталатындықтан, оқу жүйесін неғұрлым тымді құра білу қажеттілігі қай кезде де өзекті мәселе. Осыған байланысты, қазіргі кезде елімізде білім беру мен ғылым саласында болып жатқан елеулі өзгерістер мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне де, үлкен жауапкершілік артуда.

Қазақстан Республикасының МЖМБС –на сүйене отырып, мектепке дейінгі 3 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды жан-жақты, толыққанды дамуына, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауына, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басты мақсаттарын шешуге бағытталған. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-на сай 3 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың мүмкіншіліктерін ашуға бағытталған білім берудің 5 саласы бойынша («Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет») жүзеге асып, МЖМБС талаптарына сай болуына көңіл бөлініп отыр. Стандарттың негізінде жасалған мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін қамтамасыз ететін мемлекеттік нормативтік құжат- үлгілік оқу жоспары. Үлгілік оқу жоспарының мазмұнында мектепке дейінгі ұйымдарда ведомстволық бағыныстылығына, меншік нысанына, типтерімен түрлеріне қарамастан ұйымдастырылған оқу қызметінің көрсетілген инвариантық (міндетті бөлім) және вариативтік бөлімдер берілген. Вариативтік білім беру – Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесін дамытудың негізгі ұстанымдары мен бағыттарының бірі.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруда, балалардың өзіндік шығармашылық қызметін іске асыруда, «Ермексаз әлемі» вариативтік бағдарлама құрастырылды. Мектепке дейінгі балаларға арналған «Ермексаз әлемі» вариативтік бағдарламада балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, көркем мүсіндеу, қол еңбегіне үйретудің әдістері мен жолдары ұсынылып отыр.

Сонымен қатар, бағдарлама саусақ маторикалары нашар дамыған балалардың техникалық дағдылары мен іскерліктерін қалыптастырып және сазбалшықтан, тұзды қамырдан, ермексаздандәстүрден тыс әдістерді игереді.

Вариативтік компонентке кіретін оқу қызметі балалардың қызығушылығын арттыру барысында ойын түрінде өткізіледі. Ойын балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін іздестіру және зерттеу жұмыстарына көп себебін тигізеді. Әсіресе әр түрлі әдіс-тәсіл көздерін пайдалана отырып өзіндік атқаратын жұмыстарға үлкен үлес арттырады.

Мектепке дейінгі кезеңде баланың толыққанды өмір сүруі үшін, тек оған білімді меңгертіп қана қоймай, өздігінен ізденуге, шығармашылықпен ойлай білуге маңызды. Вариативтік оқыту барысында дамыта оқыту қағидаларын жүзеге асырады. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық әдістер мен технологияларды енгізуді қарастыратын балалардың қызығушылықтары бойынша вариативтік бағдарламаларды қолданған жөн.

Оқу-тақырыптық жоспары

№	Курс бөлімдерінің атауы	Жалпы сағат саны	Оның ішінде		Өткізілу күні	Балалардың өздігінен атқаратын жұмыстары
			Теория	Практика		
1	«Күз сыйлығы»	1		Тұзды қамыр		Тұзды қамырды домалақтау, созутәсілдерін пайдаланып көкөніс жасайды
2	«Көкөністер»	1		Ермексаз		ермексаздыалақанар асынасалыпесу, домалақтаутәсілдерін
3	«Добым,добым дөңгелек»	1		Тұзды қамыр		Әр түрлі пішінді доптарды
4	«Бақшадағы өнімді жинау»	1		Тұзды қамыр		Ермексазды қолдарымен уқалау, илеу, домалақтайды
5	«Жүзік»	1		Ермексаз		Түрлі түсті ермексазды пайдалана отырып, әр түрлі көлемдегі жүзіктерді жасайды
6	«Алтын балық»	1		Ермексаз		Ермексаздың көмегімен балықтың мүсінін жасай алады
7	«Көбелек»	1		Тұзды қамыр		жаңғақты пайдалана отырып мүсіндейді
8	«Күн мен бұлт»	1		Ермексаз		құрастырады, жаяды, тегістейді, жалпақтайды
9	«Үйрек»	1		Тұзды қамыр		кесек ермексаздан үйрек бейнесін мүсіндейді
10	«Торғай»	1		Ермексаз		құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір бірімен біріктіреді
11	«Тасбақалар»	1		Тұзды қамыр		мазмұны бойынша қойылған

						сұрақтарға жауап береді
12	«Кірпі»	1		Ермексаз		ермексазды пайдаланып, кірпінің мүсінін жасайды
13	«Кесе»	1		Ермексаз		заттардың көлемін өрнектеуге машықтанады
14	«Үй жануары қозы»	1		Сазбалшық		үй жануарлары туралы білімдерін толығады
15	«Қысқы ойын»	1		Ермексаз		қысқы табиғат көрінісі, қысқы ойын түрлерін атайды
16	«Аяз ата мен ақшақар»	1		Тұзды қамыр		мүсіндеуге айқын бейнені конструктивті тәсілмен береді
17	«Шыршаға арналған ойыншық»	1		Ермексаз		жаңа жылдық шыршаның бейнесін геометриялық фигуралардан құрастырып, безендіреді
18	«Аққала»	1		Тұзды қамыр		Тұзды қамырдың көмегімен аққаланы жасайды
19	«Ұлттық ою өрнек»	1		Сазбалшық		геометриялық пішіндерден өрнектер жасайды
20	«Түлкі»	1		Тұзды қамыр		жеке бөлшектерді біріктіре отырып, түлкіні бейнелейді
21	«Тауық пен оның балапандары»	1		Тұзды қамыр		ермексаздан түрлі пішіндерді жасайды
22	«Ұшақ»	1		Ермексаз		ұқыпты жұмыс жасайды
23	«Машина»	1		Ермексаз		бөлшектерді құрастыру арқылы ұшақты мүсіндейді

24	«Көңілді күшік»	1		Тұзды қамыр		әртүрлі көлемдегі цилиндрді біріктіру арқылы мүсіндейді
25	«Алдар Көсе»	1		Тұзды қамыр		өзіндік келбет ерекшелігін бере отырып, ертегі кейіпкерінің бейнесін құрастырады
26	«Қуыршаққа арналған мойыншақтар»	1		Ермексаз		интеграциялық оқу іс әрекеті арқылы берілген тапсырмаларды дұрыс орындайды
27	«Анама арналған гүл»	1		Тұзды қамыр		Затқа қарап және елестету арқылы ермексаздың, сазбалшықтың және де басқа да материалдардың бүтін бөліктерін соза отырып, таныс заттарды, түрлі пішіндегі көлемде мүсіндейді
28	«Анама арналған моншақтар»	1		Тұзды қамыр		балалардың тұзды қамырмен жұмыс жасайды
29	«Ұлттық шапан»	1		Ермексаз		мүсіндей білу және саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қимылын жетілдіреді
30	«Киіз үй»	1		Тұзды қамыр		мүсіндеу өнерін қолдана отырып, табиғаттағы ағаш бейнесін дұрыс жасайды
31	«Білезік»	1		Ермексаз		бөлшектерді біріктіре отырып, белгілі форманы қалыптастырады
32	«Түймедақ»	1		Тұзды қамыр		түймедағы гүлін тұзды қамырдың көмегімен мүсіндейді

						i
33	«Адам бейнесі»	1		Тұзды қамыр		әр түрлі пішіндегі бірнеше бөліктен тұратын адам бейнесін мүсіндейді
34	«Бақ бақ»	1		Ермексаз		балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін салады
35	«Табақтағы қияр»	1		Ермексаз		көкөніс түрлерін ажыратады
36	«Гүлді алма ағашы»	1		Тұзды қамыр		ермексазды алақан арасына салып, айналдыра домалақтайды
		36сағ				

Вариативтік компонент бағдарламасының мектеп алды даярлық тобына арналған перспективтік жоспары

№	Тақырыбы	Міндеттері
1	«Күз сыйлығы»	Балаларға берекелі күз туралы түсінік беріп, күз сыйы көкөністер мен жемістерді ажырата білуге, бейнені дұрыс орналастырып, кеңістікті бағдарлай білуге, түстерді таңдай білуге үйрету.
2	«Көкөністер»	Заттарды кеңістікте орналастыру жайында түсінік беру, дөңгелек пішінді заттарды қиюға дағдыландыру. Көкөністердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, ерекшеліктерін ажырата білуге, топтастыруға және жүйелеу қабілеттерін арттыру.
3	«Добым, добым дөңгелек»	Балаларға тобымыздағы ойнауға арналған доптар туралы түсінік беру.Әр түрлі пішінді доптарды, ермексаз арқылы мүсіндеуге үйрету. Қол қимыл қозғалыстарын, ойлау дағдыларын дамыту.
4	«Бақшадағы өнімді жинау»	Домалақтау, сопақшалау, шымшу тәсілдері арқылы сәбіз мүсінін жасауды үйрету. Ермексазды қолдарымен уқалау, илеу, домалақтауды дамыту. Ұқыпты жұмыс жасауға, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
5	«Жүзік»	Жүзік туралы түсінік беру. Түрлі түсті ермексазды пайдалана отырып, әр түрлі көлемдегі жүзіктерді жасай алуға дағдыландыру.
6	«Алтын балық»	Балаларға балық туралы жан жақты түсінік беру, тіршілік ортасымен таныстыру.Әдемілікке,әсемдікке тәрбиелеу.
7	«Көбелек»	Балаларға көбелек туралы түсінік бере отырып, жаңғақты мүсіндеуге үйрету. Көбелек мүсіндеу арқылы қолдың, саусақтың бұлшықеттерін жетілдіру, қимыл қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Балаларды әсемдікке, ептілікке

		тәрбиелеу.
8	«Күн мен бұлт»	Мүсіндеу жұмысында қолданылатын, құралдармен таныстыру. Мүсіндеудің негізгі жұмсарту, созу, құрастыру, жаю, тегістеу, жалпақтау, домалақтау тәсілдерімен таныстыру.
9	«Үйрек»	Балаларға кесек ермексازдан үйрек бейнесін мүсіндеуді үйрету. Негізгі түстер туралы білімдерін бекіту.
10	«Торғай»	Құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір бірімен біріктіре алуды үйрету. Құстар туралы білімдерін дамыту, саусақ икемділіктерін арттыру. Тілдерін дамыту.
11	«Тасбақалар»	Тақырыпты зейін қойып түсініп, мазмұнын түсіне білуге үйрету, мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге ынталарын арттыру.
12	«Кірпі»	Балаларға табиғи материалдар мен ермексазды пайдаланып, кірпінің мүсінін жасауды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу.
13	«Кесе»	Заттардың көлемін өрнектеуге машықтандыру. Кесені белгілі ретпен мүсіндеуге үйрету шар жасап алу, бас бармақтың көмегімен ортасын шұңқырлау, барлық саусақтың көмегімен жан жақтарын тегістей отырып, жиектерін тарту.
14	«Үй жануары қозы»	Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасы маңызы, туралы түсінік беру. Оларды бір бірінен ажырата алуға үйрету.
15	«Қысқы ойын»	Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктерін туралы түсініктерін кеңейту. Қысқы табиғат көрінісі, қысқы ойын түрлерін атау. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларды табиғатты аялай білуге, қамқорлыққа тәрбиелеу.
16	«Аяз ата мен ақшақар»	Мүсіндеуге айқын бейнені конструктивті тәсілмен беруге, әртүрлі

		әдіс тәсілдерді қолдана отырып, ойын жүзеге асыруға үйрету. Ой қиялын, шығармашылығын дамыту. Ұқыптылыққа, әсемдікке тәрбиелеу.
17	«Шыршаға арналған ойыншық»	Жаңа жылдық шыршаның бейнесін геометриялық фигуралардан құрастырып, безендіруге үйрету. Бейнені қабылдауын дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге баулу.
18	«Аққала»	Қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту. Ұсақ қол маторикасын дамыту.
19	«Ұлттық ою өрнек»	Геометриялық пішіндерден өрнектер жасауға үйрету. Бір кесек ермексазды бірнеше бөлікке бөліп алып, денесі үшін үлкен цилиндр жасай алу дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу дағдыларын дамыту.
20	«Түлкі»	Жеке бөлшектерді біріктіре отырып, түлкіні бейнелеуді үйрету. Ермексазды илеу, созу, пішінге келтіру тәсілдерін дамыту. Жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.
21	«Тауық пен оның балапандары»	Тауықтың балапанын мүсіндеуге үйрету. Балалардың мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттырып, ермексаздан түрлі пішіндерді жасау дағдыларын дамыту. Эстетикалық талғамдарына, үй құстарына қамқор болуға тәрбиелеу.
22	«Ұшақ»	Бөлшектерді құрастыру арқылы ұшақты мүсіндеуді үйрету, қиялдау сезімдерін дамыту, ұқыптылыққа дербес іс әрекет жасауға тәрбиелеу.
23	«Машина»	Бөлшектерді құрастыру арқылы ұшақты мүсіндеуді үйрету, қиялдау сезімдерін дамыту, ұқыптылыққа дербес іс әрекет жасауға тәрбиелеу.
24	«Көңілді күшік»	Өртүрлі көлемдегі цилиндрді біріктіру арқылы мүсіндеу жұмысын жасауды үйрету. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Адамгершілікке тәрбиелеу.
25	«Алдар Көсе»	Өзіндік келбет ерекшелігін бере

		отырып, ертегі кейіпкерінің бейнесін құрастыра алуға үйрету. Еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
26	«Қуыршаққа арналған мойыншақтар»	Интеграциялық оқу іс әрекеті арқылы берілген тапсырмаларды дұрыс орындауға, балалардың ермексазбен мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру.
27	«Анама арналған гүл»	Затқа қарап және елестету арқылы ермексаздың, сазбалшықтың және де басқа да материалдардың бүтін бөліктерін соза отырып, таныс заттарды, түрлі пішіндегі көлемде мүсіндей алуға дағдыландыру.
28	«Анама арналған моншақтар»	Балаларды интеграциялық оқу іс әрекеті арқылы берілген тапсырмаларды дұрыс орындауға, балалардың ермексазбен жұмыс жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Саусақтың ұсақ бұлшықеттерін дамыту, әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу.
29	«Ұлттық шапан»	Мүсіндей білу және саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қимылын жетілдіру, логикалық ойлау қабілеттерінің дамуын қалыптастыру. Тілдерін дамыту, қайырымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.
30	«Киіз үй»	Мүсіндеу өнерін қолдана отырып, табиғаттағы ағаш бейнесін дұрыс жасауға үйрету. Өздеріне таныс затты мүсіндеуге дағдыландыру. Жұмысты аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.
31	«Білезік»	Бөлшектерді біріктіре отырып, белгілі форманы қалыптастыра білуді үйрету. Мүсіндей білу және саусақтың ұсақ маторикасын дамыту. Мейірімділікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.
32	«Түймедақ»	Түймедағы гүлін мүсіндеуге үйрету, көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту, саусақ бұлшық еттерін, сөздік қорын, тілін дамыту.
33	«Адам бейнесі»	Әр түрлі пішіндегі бірнеше бөліктен тұратын адам бейнесін мүсіндей білуге

		үйрету. Ермексазды алақан арасына салып, домалақтау және осу әдіс тәсілдеріне жаттықтыру. Ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.
34	«Бақ бақ»	Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін салуды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.
35	«Табақтағы қияр»	Көкөністің адам ағзасына пайдасы туралы мағлұмат беру. Көкөніс түрлерін ажырата алу білімдерін дамыту. Көкөністі жуып жеуге, тазалық сақтауға тәрбиелеу.
36	«Гүлді алма ағашы»	Ермексазды алақан арасына салып, айналдыра домалақтау арқылы мүсіндей білуге үйрету, тілдерін дамыту.

Тұзды қамырдың артықшылығы:

1. Көп шығын шығармай, өзіңізге керек уақытта дайындап алуға болады.
2. Тез жуылады, дақ қалдырмайды.
3. Ауызға түскенде қауіпсіз.
4. Мүсіндегенде қолға жабыспайды.
5. Кептіруге болады.
6. Боялған қамырмен жұмыс істеуге болады, дайын мүсінге сурет салуға қолайлы.
7. Тұзды қамырдан жасалған ойыншықтармен қорықпай ойнауға болады.
8. Лакпен қатырса, ұзақ мерзімге сақталады.

Тұзды қамырдан мүсіндеу жасау балабақша тәрбиеленушілеріне өте қолайлы.

Тұзды қамырды дайындау әдісі




Ең алдымен құрғақ заттарды араластырып аламыз

Тұз өте ұсақ болуы керек (экстра) 2 стақан ұнға 1 стақан тұз қосамыз



Араласқан тұз бен ұнға жарты стақан су қосып араластырамыз, оған 1 қасық желім қосқан дұрыс.





Вариативтік компонент өзектілігі

Халқымыздың жалпы мәдениет деңгейін жоғары сатыға көтерудің және балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытудың бірден бір тиімді жолы көркемөнер болып табылады. Эстетикалық тәрбиеде көркемөнерге ерекше орын беріледі. Баланың көркемдік дамуы ойдағыдай болуы үшін, оның жасына сәйкес іс әрекеттер түрлерін дұрыс пайдалана білуі қажет. Көркемдік тәрбие әдістемесінің негізіне бала мен педагогтің көркем құндылықты қабылдауы, өнімді іс әрекетке деген шығармашылық таным қабілеттері, әлеуметтік, табиғи, заттық ортаға деген саналы қарым қатынастарды дамыту жөніндегі бірлескен іс әрекеті жатады.

Мақсаты:

-Балалардың мүсіндеуге деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын қалыптастыру.

-Балалардың бірнеше бөліктен тұратын заттарды біріктіріп, мүсіндей алу дағдыларын бекіту. Оларға мазмұн беру,мүсіндеуге деген қызығушылықтарын ояту.

-Шығармашылық іс әрекет процесіне, көркем шығармалары мен қазақ халқының және өзге де халықтардың шығармаларына қызығушылық танытып, жағымды қарым қатынас қалыптастыруға тәрбиелеу.

Көркемдік талғамдарын және шығармашылық қабілетін дамытып, өнердегі әсемдікті сезінуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

-Балалардың мүсіндеу өнеріне деген қызығушылығын қалыптастыру.Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру.

-Болмысқа деген эстетикалық қарым қатынасқа тәрбиелеу.Шығармашылық қабілеті мен қиялын дамыту.

-Өзінің ойын, қиялын көркемделген түрде іске асыру дағдыларын дамыту.

-Ермексаз,сазбалшық,тұзды қамыр кесектерінен үзу, жұлу, жаншу,созу тәсілдерін қолдана отырып, мүсіндеуге үйрету.

Әдіс тәсілдер түрлері, білім салалары арасындағы байланыс және меңгерту формалары

«Ермексаз әлемі» мүсіндеу саласы бойынша жүргізілетін әдіс тәсілдер:

- Жұмбақтар
- Дидактикалық ойындар
- Түсіндіру
- Көрсету
- Сұрақ- жауап
- Сергіту сәті
- Ұзу
- Жұлу
- Жаншу
- Созу
- Тегістеу

Бөліктері бірнеше заттарды мүсіндеу, дұрыс орналастыру, қатынастарын сақтау, бір бірімен біріктіру тәсілдерін көрсету. Кесекті алақан арасында және жазықтықта түзу және домалақтау арқылы илеу іскерліктерін жетілдіру.

Күтілетін нәтиже

- ✓ Мүсіндеуге деген қызығушылықтары артады, саусақ бұлшық еттері жаттығады.
- ✓ Балалардың шығармашылық қабілеттері дамиды.
- ✓ Мүсіндеудің негізгі тәсілдерін, орындау технологиясын меңгереді.
- ✓ Мүсіндеудің тегістеу, созу, ұзу, жұлу, жаншу тәсілдерін пайдалана алады.
- ✓ Затқа қарап және елестету арқылы ермексаздан заттарды жасай алады.

Қорытынды

Бала үшін бейнелеу өнері өзі жасаған бейнелер. Жыл басында ермексазды, сазбалшықты, тұзды қамырды алақанына алып, алақан арасында домалатып, есу, бір біріне қосу тәсілдерін меңгереді. Екінші кезеңде жалпақ дөңгелек пішіндер жасау, ұзу және жұлу, шымшу тәсілдерімен мүсіндеуге үйренеді. Мүсіндеу оқу іс әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Негізгі жұмысқа кіріспес бұрын затты қарау, тұтас және дербес бөліктерін бейнелеп көрсету қажет. Мысалы: ересек адам балаға теледидардан хабарды көруге, жеке кейіпкерлерге, олардың мінез құлықтарына, әдеттеріне ерекше назарларын аударуды ұсынып, оны бейнелеуді сұрайды. Жұмыс барысында педагог балалардың жұмысына бақылау жасаумен бірге сұрақтар қояды, қалай жасау керек екендігін түсіндіріп, іс әрекетке қызықтырады.

Қолданылған әдебиеттер

- 1.«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты», Астана 2012.
2. М.Н.Нүсіпбекова «Бейнелеу өнері. Әдістемелік нұсқау». Алматы, «Аруна» баспасы, 2009.
3. Жұмабекова Ф.Н. «Өнер көзі халықта.Шығармашылық. Таным саласы». Астана, ББЖ КБА ҚДИ, 2011.
- 4.Л.П.Губанова, Л.Н.Бахарева «Бейнелеу өнері. Әдістемелік құрал». Алматы, «Алматыкітап», 2011.
- 5.Мектепке дейінгі ұйымдарда үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар Астана 2016 жыл
- 6.Вариативті курс бағдарламасын құрастыру бойынша Әдістемелік нұсқаулық ҚАРАҒАНДЫ 2016жыл
- 7.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша ересектер тобы (5-6жас) педагогтеріне арналған Алматы кітап 2018 жыл А.Т. Таутанова, А.Т.Бүрлібаева
8. Занятия по изобразительной деятельности в детском саду Швайко Г.С. 2008г.
- 9.Руководство играми детей в дошкольных учреждениях- М.А. Васильевой 1986г.
- 10.Работать с маленькими детьми Дженни Лешли

Қосымшалар

Жұмбақтар

Құс сияқты, құс емес,
Самғап ұшқан биікке.
Қанаты бар қақпайды,
Жүрсе де сондай биікте

(Ұшақ)

Әрі қызыл, әрі тәтті,
Татқан жанды таңырқатты.

(алма)

Бір үйде қос сұлу қыз ағайынды,
Екеуі қызықтырған талайынды.
Жүдемес төрт маусымда мұңаймаса,
Тұрады нұрға малып маңдайынды.

(Ай мен күн)

Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,
Ұшады кешке дейін дамыл таппай.

(Күн)

Аласа талда алуан алма,
Алқызыл болмай аузыңа салма.

(Қызанақ)

Бас, құлақ, мойны бар,
Үп үлкен шанағы бар.
Өндетіп шығар әні бар,
Бұл аспап, қай аспап?

(Қобыз)

Болса да ащы,
Дәмді етер асты.
Өседі ол жерге,
Тығып алып басты.

(Сәбіз)

Бозғы арғымақ, аузы жоқ,
Мұрны жоқ екі құлақ,
Белінде белбеуі бар бунақ бунақ.
«Шу» деп, саусақпенен шертіп қалсаң,
Шабады жүйрік әуен тулап, тулап.

(Домбыра)

Шаңқ-шұңқ еткен үні жоқ,
Сусыз оның күні жоқ
Жүріп кетсе соңында,
Қалып жатқан ізі жоқ.Бұл не?

(Балық)

Тікен-тікен тік пісте.
Қысы жазы бір түсте.

(Шырша)

Оны қардан жасаймыз,мұрны оның сәбіз,
Қолында сыпырғыш,басына шелек кигіземіз.
Біледі оны барлық бала
Кім екен ол?
(Аққала)

Тақпақтар

Күз

Қарашы күз келді,
Жапырақ жауыпты іздерді.
Құс біткен керуен тізеді,
Қара бұлт қабағын түйеді.
Ертегі «Алтын жүзікті қыз»

Көлік

Үлкен болып өскенде,
Көлік алам мен де,
Бірақ ол үшін әрине
Оқу керек күнде де.

Аққала

Аққала мен ақ бала,
Сырғанайды сырғанақта.
Жаздым тақпақ бәріне,
Ақ қыс сұлу ақ өлең.

Домбыра

Тарт күйінді Домбыра!
Төгіл, төгіл тәтті күй,
Тау суындай сылдыра,
Желпін, желпін жел соқтыр!

Қобыз

Дала шерін қоңыр әуен кернетіп,

Қалың ойға апарады ау селдетіп.
Қазақ мұның санамызға құйдырған,
Мына Қобыз жанды кетті тербетіп.

Көбелек

Гүл ашылса аулада,
Бал арасы келеді.
Бал арадан кейін,
Көбелектер келеді.

Добым

Добым, добым домалақ,
Тоқтамайсың домалап.
Үстел үстін бүлдірдің,
Тәрелкені сындырдың,
Тентек болып кеттіндеп,
Тұрмын сені тепкім кеп.

Ойындар

Д/о: «Сиқырлы қапшық»

Мақсаты: Қапшықтың ішіне қияр және қызанақ салынады. Балаларға қапшықтың сыртынан ұстап, қияр мен қызанақты ажыратып, сипаттама берулерін сұрау.

Д/О: «Алтын сақа» ойыны Ойынның мақсаты: Бұл ойын сабақты балалардың білімін қорытындылау үшін өткізуге болады. Асық, тақта, сұрақтар жазылған карточкалар, суреттер, ойыншықтар, жеңімпаздарға арналған сыйлық көрнекі құралдар етіп пайдаланылады.

Ойынның мазмұны: 5-6 асықтың арасынан алтын сақаны таңдап алып, сақаны сұрақтар жатқан тақтаға тастау керек. Сұрақты оқып, жауап беру қажет.

Д/О: «Қай қолымда көп» Ойынның мақсаты: аз және көп заттарды ажиратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала алдымен көз мөлшерімен қай қолда зат көп, қай қолында аз зат бар екенін анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады.

Д/О: «Оюқұрастыру»

Ойынның мақсаты: Балаларды сандардың ретін, құрамын оңай табуға, таңбаны айыра білуге дағдыландыру.

Ойынның мазмұны: Оюдың элементтерін жекелеп қиып, мысалы 4 қошқар мүйізді 2-ге бөліп, 8 бөлікті балаларға таратып береді. Түстерін сәйкестендіру, бөліктерін қиюластыру арқылы ою-өрнек құрастырылады.

Д/О: «Иә немесе жоқ»

Мақсаты: Педагог суреттерді көрсету арқылы сұрақтар қояды, ал балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.

Д/О: «Дүкен»

Балалар сендерді дүкенге шақырамын. Бұл жай дүкен емес, сиқырлы дүкен. Әр қайсылырың, осы дүкеннен өз жақындарыңмен туыстарыңа бір нәрсе сатып алып, она не үшін алғандарың жайлы айтып бересіңдер.

Қозғалмалы ойын: «Моншақ»

Мақсаты: балалар моншақ тәрізді тізіліп, моншақ тәрізді шашылуы қажет.

Д/О: «Атауын тап»

Мақсаты: Балалар көрсетілген заттардың кезекпен атауын табулары қажет.

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК

«Ермексаз әлемі »

Жұмыс дәптері



Дайындаған тәрбиеші:Каппарова А.Ж

Ақадыр кенті

ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген вариативтік компонент бойынша ортаңғы топтың балаларына арналған

Қымбатты дос!

«Ермексаз әлемі» деп аталатын жұмыс дәптері сенің шығармашылық қабілетіңді дамытуға арналған. Жұмыс дәптері иллюстрациялардан, шығармашылық тапсырмалардан тұрады. Осы дәптердегі берілген тапсырмаларды бірге орындай отырып, мүсіндеудің түрлі әдіс-тәсілдерін үйренесің. Сонымен бірге мен берген сұрақтарға жауап беруге, жұмбақ шешу сияқты тапсырмаларды орындау арқылы зейінді болуға дағдыланасың. Саусақ моторикасы да жетіледі.

Алған білімің саған өмірде керек болатынын есінде сақта.

Сәттілік тілейміз!

«Көкөністер мен жемәстерді ажырат» «Көкөністер»

-Балалар, көкөністер мен жемістерді ажыратыңдар..

Бүгін көкөністерді ермексаздан жасаймыз. Жұмыс барысында қай бала көкөністердің қай түрін жасайтынын таңдап алады. Көкөністің ол түрін жасау үшін ермексаздың қандай түсін таңдайтынын көрсетеді. Көкөністердің пішіндері әртүрлі болатындықтан балалардан сәбіздің пішіні қай геометриялық фигураға ұқсайтынын, сондай - ақ картоп, қызылша, шалқандардың пішіндері неге ұқсайтынын сұрап анықтау.

Балалар мүсіндеу кезінде қандай тәсілді қолданатынынды айт.

- Қызыл, күрең қызыл, жасыл, қызыл сары ермексаз кесектерін жұмсартып аламыз.


қызанақ - қызыл домалақталған ермексаздың жоғарғы бөлігіне саусағымызбен батырып баса отырып шағын ойықша жасаймыз, ойықшаға жасыл ермексаздан жасалған сағағы менжапырағын орнатамыз;

қияр - жасыл ермексаздан жасалған цилиндрдің екі шетін домалақтап тегістейміз, тіс шұқығыш шидің көмегімен қиярдың бетіне бүртіктер саламыз;

қызылша - күрең қызыл домалақтанған ермексаздың бір бүйірін созу тәсілімен тамырын шығарамыз, жоғарғы бөлігіне жасыл ермексаздан немесе түсті қағаздан жасалған жапырағын бекітеміз.

сәбіз - цилиндр пішінді ермексаздың бір ұшын аздап созып, тіс шұқығыш шидің көмегімен үстіне жіңішке сызықтар түсіреміз, жоғарғы бөлігіне жасыл ермексаздан немесе түсті қағаздан жасалған жапырағын біріктіреміз;

бұрыш - жасыл түсті ермексаздың бір ұшын аздап созып, домалақтап тегістейміз, жоғарғы бөлігін саусағымызды батыра басып, шағын ойықша жасаймыз да, оған ермексаздан жасалған жапырақтың сағағын бекітеміз.



Жемістер

Көкөністер

«Күн мен бұлт»

1. Бүтін ермексазды жұмсарту;
2. Есу қиын болатындықтан ермексазды кесетінарнайы кескіш таяқшамен бөлікке бөлу;
3. Алдымен алақанға алып жұмсарту;
4. Тақтайша ұзын жіңішке шиыршық пайда болғанша есу керек;

Жұмбақтар:

Жұрттың бәрі сүйеді, Көзі жасты,
Бірақ қарай алмайды. Тұра қашты.

(күн)

(бұлт)

Ақ және сары түсті ермексаздың кесегін жұмсартамыз.

5. Бөлікке бөлеміз, ұзынша, жіңішке ширатпалар есеміз.
6. Ширатпаларды қатырмағазға жабыстыра бастырамыз.
7. Жекелеген ширатпалардан күннің сәулелерін жасап шығамыз.



«Көбелек»

Көбелек мүсінін жасау үшін алдымен қатырма қағаздың үстіне көбелек сұлбасын салып аламыз. Содан соң, ермексаздан кішене дөңгелекшелер жасап аламыз.

Мүсіндеуді денесінен бастаймыз.

- Алдымен дөңгелектеп шар жасаймыз


- Содан кейін сұқ саусақпен шардың ортасынан басамыз. Дайын шарларды түстеріне сәйкес жапсырып отырамыз.

- Міне денесі дайын болды.

Біріккен жерлерді саусақ ұшымен тегістейміз. Саусақтарыңды сулап отыруды ұмытпа.

Енді көбелегімізді әрлеу ғана қалды. Оған мұртша жапсырамыз.

Сергіту сәті: Көбелектер әні




«Бақшадағы өнімді жинау»

Ендеше алдымен сарғыш түсті ермексазымызды жұмсартып,екі алақан ортасына салып илеп, домалақтап сопақша пішінге келтіріп, бас жағын созу арқылы ұштаймыз, дайын болған сәбізге алдарыңдағы жасыл ермексаздан жапырақтарымызды істеп жапсырамыз.



Көкөністерді пішіні бойынша орналастыр



«Үйрек»

➤ Жұмбақ:

Табаны бейне алақан,

Мынау қандай балапан. (үйрек)

Жұмбақ жасыру арқылы тақтада жасырылып тұрған суретті табады.

-Үйрек үй құсы ма, әлде дала құсы ма?

- тағы қандай үй құстарын білесіңдер?

-Олардың пайдасы қандай?

-Бұлар немен қоректенеді?

- Үй құстары адамдардың көмегімен азықтанады. Оларға адамдар қамқорлық жасайды. Арнайы қора салады, уақытымен жем суларын береді.

Балалардың назарын суреттегі үйректерге аударады.

-Балалар қарадаршы, мына үйректер қандай әдемі! Кәне, санайықшы қанша үйрек бар екен? Үйректің балапаны көп пе әлде аз ба? Енді осы үйректің балапанын тағы да көбейтейік. Ол үшін біз ермексаздан үйректер мүсіндейміз.

-Үйректің түсі қандай?

- Ендеше сары түсті ермексазды аламыз. Балаларға көмектесіп жеке жұмыс жүргізеді

- Ол үшін ермексазды үлкен және кіші екі бөлікке бөлеміз. Кіші бөлігінен – басын домалатып домалақ жасаймыз. (көрсету)


- Үлкен бөлігінен – денесін сопақша етіп жасау үшін домалатып, алақанға салып басамыз, ал құйрығын бармақпен шымшып созамыз.



«Алтын балық»

Балалар, бүгін біз ертегідегі алтын балықты мүсіндеп, өз тілектерімізді айтайық. Сендердің балықтарың ертегідегі тілек орындайтын балық болады. Тәрбиеші балалармен сұрақ-жауап арқылы әңгімелесе отырып, ермексазды бірнеше бөлікке бөлу арқылы балықты мүсіндеу тәсілдерін көрсетіп, түсіндіреді. (Бірінші балықтың денесін жасау үшін ермексазды алақанға салып, айналдыра отырып домалақ пішінге келтіріп, домалатылған пішінді екі алақанның арасына салып, жаншу арқылы, ал құйрығын есу, жалпақтау арқылы жасайды.


Денесіне қанаттарын, құйрығын өз қалаулары бойынша әсемдеу. Бөліктерді бір-біріне ұқыпты жапсыруды, жұмысты ұқыпты орындауын қадағалау).



«Тасбақалар»

Тасбақаның суретін немесе ойыншық тасбақаны көрсету арқылы оның құрылысына, дене бітіміне назарларыңды аударыңдар. Ермексаздың бүтін кесегінен созу тәсілі арқылы мүсіндеу жұмысының барысымен таныстыру. Тәрбиеші үлгіні көрсете отырып, балаларға тасбақаның жасалу жолын көрсетеді. Ермексазбен тасбақа мүсінін жасау. Қоңыр өрмексаз кесегін жұмсартып алыңдар. Үлкен домалақ жасаймыз. Созу тәсілімен басын, мойнын және аяқтарын шығарып аламыз. Жіңішке ширатпалар дайындап алыңдар. Тасбақаның сауытын

ширатпалармен безендіреміз. Балалар жұмыс дәптеріндегі үлгіге қарай отырып, тасбақаны мүсіндеуге кіріседі. Көрсетілген созу тәсілін қолдана отырып, жұмысты орындаңдар.



«Кірпі»

Қоңыр түсті ермексаздың бір кесегін жұмсартып, оның кішкене бөлігін үзіп аламыз. Үлкен бөлігінен домалақ жасаймыз. Созу тәсілімен кірпінің тұмсығын жасаймыз. Ермексаздың кішкентай бөлігін төртке бөліп, цилиндр төрізді пішіндер жасаймыз, бұл - кірпінің аяқтары. Аяқтарын денесіне біріктіреміз.

Кірпінің инелерін шыршаның не қарағайдың қылқандарынан жасаймыз.

Қара түсті ермексазды домалақтап кірпінің мұрнын, көздерін жасап, оны бас бөлігіне жапсырып біріктіреміз.

Жұмыс дәптерден орындалу ретін көрсетіп, жасалу жолын түсіндіру.

Балалар өз беттерінше кірпіні мүсіндеу жұмысына кірісіңдер.



«Кесе»

-Кесе жасау үшін ермексаздың ортасынан бөлеміз. Енді оны алақанымызға салып домалақтаймыз. Енді саусақтың ұшымен шетін кеңейтеміз және екі саусақпен шымшу арқылы түбін шығарамыз.



«Аяз ата мен ақшақар»

Бүгінгі сабақта біз аяз ата мен ақшақарды ермексазбен мүсіндейміз

Көк,ақ,қызыл ермексазды жібітіп аламыз

Көк ермексазды бөліктерге бөліп,үлкен цилиндрден денесін,кішілеу екі цилиндрден қолдарын,домалақтап бас киімін мүсіндейміз

Цилиндр пішініндегі денесін конус пішішіне келтіреміз. Денесінің жоғары жағына қолдарын біріктіреміз
Домалақ көк ермексайдан бөрігін мүсіндейміз
Төбе жағын аздап тегістейміз
Ақ ермексайдды бірнеше бөлікке бөліп, оны шұжық пішін мүсіндейміз.
Оны шапанының шетіне бөрігіне және аздап сақал мұртына қалдырамыз. Барлық дайын бөлшектерді біріктіреміз.



«Жүзік»

Балалар бұл не зат?
Оның пішіні қандай?
Жүзіктің пішіні қандай заттарға ұқсайды?

Ермексазды қолымызға алып, домалатамыз(жұмсартамыз). Жүзіктің пішінін жасаймызда бір біріне біріктіреміз.



«ҚЫСҚЫ ОЙЫН»

Жұмбақ жасыру
Боран соғып,
Аяз қысып ,
Сырғанақта тебеміз

Коньки ,шаңғы тебеміз
Бұл қай кезде болады?(қыс)
Сұрақ –жауап
Жылдың қай мезгілі?
Қандай мерекелер болады?
Қардың түсі қандай?

Әңгіме:»Қызықты қысқы ойындар»


Суреттері арқылы «Қыс қызығы» -әр кейіпкер қозғалысына ,тұрған тұрысына назар аудар.
-Қосылып қар атысып жатқан,аққала жасап жатқан,өсіп тұрған шыршаны ,балаларды мүсінде.



«Добым,добым дөңгелек»

1. Доптың көлемі мен түсін анықтаймыз. Сол доптың түсіне сәйкес ермексазды таңдаймыз.
2. Ермексазды жұмсартамыз

3. Екі алақанымыздың ортасына ермексазымызды салып дөңгелетеміз.



«Шыршаға арналған ойыншық»

-Түрлі-түсті ермексаздың көмегімен шыршаны безендір. Алдымен біз қызыл түсті ермексазды аламын, онда, шар шыршадан түсіп қалмайтындай болып жақсы жабыстырып тұру үшін жайлап басып қоямыз. Әр түрлі түстен жаңағыдай шар жасап, басқа бұтаққа бекітеміз. Қараңдаршы, қандай әдемі болып шықты. Осылай етіп біз барлық бұтақтарды

түрлі түсті шарлармен безендіреміз, ал кішкене түйірді үземіз де, қызыл түсті шар жасаймыз. Шарды шыршаның кез келген бұтағына қоямыз.



«Ұлттық ою өрнек»

Ұлттық қолөнер түрімен біз күнделікті үйде, мектепте де танысып жүрміз. Әрқайсымыздың үйдегі шебер әжелеріміз оюлап талай әдемі дүниелерді тігіп жасады. Ол бұйымдарға *көрпе, кілем, көйлек, шапан* жатады. Бұрынғы аталарымыз ағаштан, темірден бұйымдар жасаған. Ол бұйымдар: *сандық, бесік, қамшы, домбыра, ұршық*. Зергерлік

бұйымдарға:сақина,сырға,алқа, т.б.Енді есімізге ыдыс-аяқ түрлерін түсіріп көрейік:ожау,кесе,табақ. Бүгінгі оқу іс әрекетінде дәстүрден тыс оюларды ермексазdan ширату тәсілімен мүсіндейміз.Тәрбиеші балаларға бірнеше ою-өрнектердің элементтерін атауды және оны өрнектеуді ұсынады.Жұмыстың орындалу ретін түсіндіріп,тапсырма беріледі.Қалған ермексазdan жіңішке ширатпалар жасаймыз.Жіңішке ширатпаларды салынған оюлардың үстінгі жағына саусағымызбен баса отырып жапсырамыз.Қолымызға таяқшаны алып,ою-өрнектің шеткі жолына түртіп бастырып шығамыз.

Дидактикалық ойын «Жартысын тап!»



«Аққала»

-Неге жердің бәрі аппақ? Жердің бетін қар жапқан Қар ұлпалары неге ұқсайды? Жұлдызшаға ұқсайды Қар ұлпалары қандай керемет, өрнектері бар екен.Ал мына қарлар еріп, жабысып, домалақтанып қалыпты. Кәне, осы қарларды тездетіп, екіге бөлініп, жинап тастайық. –Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі Енді осы қыс мезгіліндегі көріністерді

бақылайық. —ермексазды әртүрлі 3 бөлікке бөлу; -бөліктерді алақан арасына салып домалақтау; — үлкен бөлігі-астына, ортаншы бөлігі ортасына, кіші бөлігі үстіне қою; — - бөліктерді біріктіру, қолын таяқшалардан жасау.



«Табақтағы қияр»

➤ *Сұрақ– жауап:*

- Жемістерге нелер жатады?
- Көкөністерді ата?
- Жемістер мен көкөністер дәрумендерге өте бай

Тәрелкеге муляждар салу: қияр
Балаларға дайын мүсіндеу үлгісін көрсету.
Жұмыстын орындалу тәсілін көрсету.



«Гүлді алма ағашы»

➤ *Көркем сөз:*

Қарандаршы алманы
Тұр бұтақта ауырлап
Өзі деген тәтті алма

Дәмі ауызынан кетпейді
балалар алманы мүсіндеу үшін біз ең алдымен үстел басында дұрыс отырамыз, ермексазбен таза, ұқыпты жұмыс істейміз, ермексазды қолымызға алып, алақан арасына салып, жұмсартамыз. Енді ермексаз дайын болғанда, алақан арасына салып айналдыра домалатамыз.



«Анама арналған гүл»

Балалар суретке қарандаршы ненің суретті қандай гүлдер?
Гүлдердің тамыры, сабағы, жапырағы күлтесі болады. "Гүлдерді түстеріне қарай ажырат".
Түрлі түсті гүлдерді мүсіндейміз. Жасаған жұмыстарыңды талдаңдар.



«Ұшақ»

➤ *Ойын жағдаят.*

Педогог іс-әрекетін дидактикалық ойынның бастайды. Ойынның атауы: Не жетпейді?
«Шешіп көр» Тікұшақ, кеме мен машина, ең соңында ұшақтар алынып тасталынады.

Балалар көздерін жұмады, әл тәрбиеші үш көрністің ішінен біреуін алып қойыңдар.
Балалар жоғалған көрністердің атаңдар.



«Машина»

Машинаның жүріп келе жатқан дыбысы шығады.

-Балалар, ненің дыбысы екен?

-Машина немен жүреді?

Ұшақтың дыбысы естіледі.

- Бұл ненін дыбысы?
 - Ұшақ қайда ұшады?
 - Кеменің дауысы естіледі?
 - Кеме немен жүреді?
 - Бәрін бір сөзбен қалай айтамыз?
 - Неше топқа көліктер бөлінеді?
 - Не үшін бізге көліктер керек?
 - Біз бүгін машинаны ермексازдан жасаймыз.Өртүрлі пішіндерді пайдалана отырып, машинаның бөліктерін құра.
- Дайын болған бөліктерді біріктіріңіз. Дайын болған жұмыстарыңды талдаңдар.



«Көңілді күшік»

- Күшікті сипаттау.
- Жұмыс ретімен танысу.
- Ақ және қоныр ермексазды жұмсартамыз.
- Ақ ермексазды бірнеше бөлікке бөлеміз.

- Домалақтау әдісі арқылы басын созып күшіктін басын келтірміз.
- Бірнеше бөлікке бөлінген ермексаздан мойның,денесін,аяқтарын,құйрығын сопақша құлақтарын келтіреміз.
- Дене мүшелерін орын-орнына біріктіреміз.
- Қара ермексаздан көзі мен мұрнын жасаймыз.



«Қуыршаққа арналған мойыншақтар»

➤ Сұрақ жауап

- Балалар, өлең кім туралы айтылған?
(қуыршақ туралы әңгімелеу)

- Бүгін қуыршаққа арнап түрлі түсті моншақтар жасаймыз.
 - Балалар, міне қараңдаршы, қандай әдемі, түрлі түсті моншақтар. Балаларға көрсетіп, түстерін, пішіндерін атату.
 - Моншақтың пішіндері қандай?
 - Түстері қандай?
 - Әдемі түрлі түсті моншақтарды қуыршаққа өз қолымызбен жасап береміз.
- Түсіндіру, мүсіндеу әдісі:
- Мына түрлітүсті моншақтарды мүсіндейміз.
 - Моншақтар жіпте тізіледі, сондықтан моншақтарды мұқият жіптің ортасына әдемілеп мүсіндеу қажет.
 - Мен қызыл түсті моншақтардан бастаймын, қызыл дөңгелек пішіндердің теріс жағына ермексазбен мүсіндеймін.
 - Қане, балалар, ауада дөңгелек пішіндерді бейнелеп көрсетейік.



«Киіз үй»

➤ Жұмбақ жасыру
 Ұқсайтын шеңберге
 Қабырғасы жиылып,керіледі
 Жиһазы мол, кең бөлме

Төбесінен жұлдыздар көрінеді
(киіз үйі)

Тәрбиеші балаларға киіз үй суретін көрсетеді.

Киіз үй туралы әңгімелеп бер (киіз үй қазақ халқының жеріне қолайлы баспана .Ерте заманда ата-бабаларымыз осы киіз үйді мекен еткен).

Балалар жұмысқа кіріңдер.

-Саусақпен шымшу,қосу, майыстырыңдар.

Саусақ маторикаларын дамытатын қимылдар орындау.

-Тәрбиеші киіз үйді ою-өрнектермен әшекейлеуде қалай орналасатынын көрсетеді.



«Білезік»

Балалар, бүгін Машаның туған күні. Туған күн иесіне сыйлық сыйлауымыз керек. Машаға қандай сыйлық сыйласақ болар екен.Кәмпит сыйласақ, тісі ауырып қалуы мүмкін.Машаның қолына білезік жасап берсек қалай болады,әрі естелік болып қалар еді.Балалар,Машаға өз қолымызбен білезік жасап береміз бе? Білезік Машаның қолына

әдемі болатын сияқты. Кәне бәріміз білезік деп айтайықшы. Балалардың назарын суретке аударып білезікпен танысындар.

Білезік әшекей бұйымға жатады. Мына суретте білезіктерді көріп тұрмыз. Білезіктердің пішіні дөңгелек, түстері жасыл, сары және қызыл түсті екен. Білезіктердің түстері әртүрлі болады. Білезіктерді әдемі болу үшін қолымыздың білегіне тағамыз. Білезіктердің көлемі де әртүрлі болады. Үлкен және кіші білезіктер. Үлкен білезіктерді үлкен адамдар, ал кіші білезіктерді кішкентайлар тағады. Мен сендерге білезіктердің жасалу жолдарын көрсетейін. – Ермексазды алақан арасына салып, әрі-бері сопақша етіп есеміз. Мінекей, ермексаздан сопақша пішін шықты. Енді осы сопақша пішінді иіп, дөңгелек пішін шығу үшін екі ұшын біріктіреміз.



«Түймедақ»

Балалардың көңілін көрнекі суретке аудару.

Балаларға мүсіндеу тәсілін көрсету.

Мүсіндеу тәсілін бекіту.

-Балалар сендер қазір нені мүсіндегелі жатырсындар?

-Түймедағы гүлінің күлтелерінің түсі қандай екен?

1. Сары түсті ермексазды алақанға салып домалақтаймыз, алақанмен басып сәл жалпайтамыз.

2. Күлте жасау үшін біз 7 бірдей домалақ жасап алуымыз керек.

3. Саусақтарымыздың көмегімен

Балалар көңілдеріңді көрнекі суретке аударындар.

Сұрақтарға жауап беріндер.

Гүлдерді мүсіндеу.

Балалардың өзіндік мүсіндеу жұмыстары.

Тәрбиешінің нұсқауы бойынша түймедақ гүлін дұрыс әрі әдемі етіп мүсіндеп шығару.



«Адам бейнесі»

Ортада адамның бейнесі немесе ммакеті ілулі, орналасқан.

Суретті әңгімелеу. «**Ойлап тап**» ойынын ойнату.

Бұл ойында екі топқа жеке –жеке жұмбақ жасырылады , шешімін екі тілде атаңдар.

Екі бала қатар тұрса да,
Бірін-бірі көрмейді.

Көз

Ағайынды екеу болыпты,
Екеуі тату жүріпті.
Ортасында тау болып,
Бірін бірі көрмепті,
Екеуінің міндеті орындайтын бір бопты.

Көз бен мұрын

Бір "әліп" мұнарадай көзім көрген,
Екі "мәт", екі "сәкін" оған ерген.
Болғанда "иа"ден камал, нұрдан гауһар,
Болады кім данышпан мұны білген.

Адам, көз, жас, екі құлақ, сөз

Бір таудың алпыс сегіз саласы бар,
Он екі жанында қаласы бар.
Бау-бақша түрлі өсімдіктер,
Барлығын билеп тұрған анасы бар.

Алпыс сегіз тамыр, он екі мүше



«Тауық пен оның балапандары»

➤ Тосын сәт.

Балалар, біреу келген тәрізді. Есікті ашып көрейік.
Бізге біреу хат тастап кетіпті.
Хатты оқу:

«Балалар, менің балапаным адасып кетті. Маған соны іздеп табуға көмектесіңдерші?»

-Балалар, тауыққа балапанын табуға көмектесеміз бе?

Тәрбиеші балапан ойыншығын көрсетіп:

-Осындай әдемі балапан жасасақ қайтеді?

-Балапаның басы қандай?

-Денесі ше?

Тәрбиеші мүсіндеу тәсілін көрсетеді.

-Алдымен балапанның денесін жасаймыз, оның пішіні алмұртқа ұқсайды. Дөңгелек пішіннің бір шетін қолмен созу арқылы балапанның құйрығын жасандар. Басын кішірек дөңгелектен жасаймыз және шымшу арқылы тұмсығын шығарыңдар. Басы мен денесін біріктіреміз. Қанатының орнын сызып көрсетеміз. Аяқтарын жасап, денесіне біріктіріңдер.



«Түлкі»

➤ Ойын жағдаят

Балалар мен сендерге ертегі айтып берейін. Орманда бір сәнқой түлкі болыпты. Ол сәнденіп жүргенді жақсы көреді екен. Оның сыландаған әдемі түріне, сәнді көйлектеріне аңдардың бәрі қызыға қарайтын болыпты. Ол көйлекті жақсы тігетін еді. Басқа аңдар да

көйлек тігіп беруін сұрайды. Бірақ ол өзім ғана әдемі болып жүрсем деп ойлап, оларға көйлек тігіп бергісі келмепті. Жануарлардың бәрі одан теріс айналады. Содан сәнқой түлкі жалғыз қалыпты. Мен сол түлкі ден хат алдым. Хатта: «Мен барлық жануарлады ренжітіп алған сияқтымын. Мен жануарлармен қайта достасқым келеді. Маған олармен достасуым үшін не істеуім керек?»-деп сұрайды. Мен оған не деп жауап берсем екен? Сурет бойынша жұмыс жүргізіледі. сәнқой түлкінің бөлмесі қалмай жабдықтаалаған? не ілулі тур? Біз осы сәнқой түлкіні мүсіндеп, айнаның алдына орналастыруымыз керек. Балалардың назарын түлкіні мүсіндеу ретіне аударып, сурет арқылы және мүсіндеп көрсете отырып түсіндір.



«Торғай»

➤ Сурет бойынша әңгіме.

Суық тоғайлардың тіршілігін бейнелейтін сурет.

Торғайдың денемүшелерін атап өтеміз.

-Торғайдың қандай түрлерін білесіңдер?

-Ал,енді біз осы торғайды мүсіндейміз.Созу әдісі арқылы мүсіндейміз.Шымшу әдісі арқылы құйрығын шығарамыз.Екі аяғын таяқшамен бекітеміз. Тұмсығын жасаймыз.



«Үй жануары қозы»

➤ Ойынжағдаят

-Балалар, бүгінбізжайлаудағыатамыздыңүйінебарамыз. Кәне, бәрімізпойызғаотырайық. Жайлауғабаражатқандақандайәнайтушыедік?

Ән: «Жаздаапамныңаулына»

Балаларпойызғаотырып, әнайтады.

-Балалар, біз бүгін марқа қозының пішінін мүсіндейміз.

-Басын кішірек ермексазды алақан арасына салып айналдырып, дамалақтап жасаймыз. Осы домалақ пішіннің бір жағынан созу арқылы тұмсығын шығарамыз.

-Денесін сопақша пішінде сомдаймыз.

-Басын денесіне орналастырамыз.

-Төрт аяғын кішірек ермексаз бөліктерін алақан арасына салып, ширатып есеміз.

-Марқа қозының жүні бұйра екен.

Оны келтіру үшін, шанышқымен денесіне иректеп сызықтар саламыз.



«Алдар Көсе»

Әр түсті ермексазды жұмсартып алу. Бір кесек ермексазды бірнеше бөлікке бөліп алып, денесі үшін үлкен цилиндр, қолдары үшін екі кішілеу цилиндр дайындап алу.

Денесін саусақтың көмегімен ермексазды жоғары жағынан төменге қарай ығыстыра мүсіндей отырып, конус пішініне келтіру. Екі жанына қолдарын біріктіру.

Домалақ ермексазды конус пішініне келтіріп, илеп алу. Жоғары жағын дөңгелектеп, бөріктін пішініне келтіру. Шағын екі цилиндрден аяқтарын жасау. Шағын цилиндрлер жасап алып, бір жағын бүгіп, етіктерін мүсіндеу. Ақ және қызыл сары ермексазды әбден араластырып илеп, осы ермексаздан домалақтап басын мүсіндейміз. Шағын бөлігінен домалақ мұрнын жасау. Денесіне басын біріктіріп орналастыру. Басына бөркін біріктіріп, қоңыр ермексаз жолақшасынан тері жасап, етегіне жапсыру.

Аяғы мен аяқкиімін бір-біріне біріктіру. Бас, дене, аяқтарын біріктіру. Тіс шұқығыш шидің көмегімен көзін, аузын салу. Қатырмақағаздан кішкентай домбыра қиып алып, Алдаркөсенің денесіне бекіту қажет.



«Бақ бақ»

➤ Сұрақ- жауап

-Балалар бұл қандай гүл?

Оның түсі қандай?

Сабағының түсі қандай?

Балалар көңілдерінді көрнекі суретке аударындар.

Балаларға мүсіндеу тәсілін көрсету. Бақбақтың бөлшектерін дайындап алда, бөліктерді біріктірі.



«Күз сыйлығы»

- Жемістер мен көкөністердің адамға қандай пайдасы бар?
- Жемістерден нелер жасауға болады?
- Жемістер қайда өседі?
- Қандай көкөністердің түрлерін білесіңдер?

-Біз бүгін сендермен қызылша мен сәбізді мүсіндейміз.
Содан үлкен бөлшектен кескіштің көмегімен өздеріне керек бөлікті кесіп аламыз, жұлу, шымшу әдістерін қолдана отырып сәбіз бен қызылшаны мүсіндейміз.



«Ұлттық шапан»

Көк түсті қатырма қағазға жай қарындаштың көмегімен күн мен бұлттың суретін салып шығамыз.

Ақ және сары түсті ермек саздың кесегін жұмсартамыз.

Ермек сазды бірнеше бөлікке бөліп алып, әр бөлігін тақтайшаның үстіне салып ұзынша, жіңішке ширатпалар есеміз.

Ширатпаларды сұлбаның өн бойына салып, қатырма қағазға жабыстыра бастырамыз.

Күн мен бұлттың ішін сәйкес түсті ермек сазбен толтырып, бетін тегістеп шығамыз.

Жекелеген ширатпалардан күннің сәулелерін жасап шығамыз.

Балалар жұмыс дәптерінің көмегімен өз бетінше жұмысты орындайды.

